

**«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«Ясли-сад «Қазына kz»**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР / ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. «Қазына kz» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осыдан әрі (Серіктестік, Мектепке дейінгі ұйым және/немесе Бөбекжай бақша) Қазақстан Республикасының заңы бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. Серіктестік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық Кодексі (жалпы бөлімі), Кәсіпкерлік Кодексі, «Шаруашылық серіктестіктері туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Білім туралы» заңдары, осы Жарғы және басқа да нормативтік құқықтық актілер бойынша жүзеге асырады.

1.3. Бөбекжай бақша өз қызметінің басталғаны және/немесе тоқтатылғаны туралы орналасқан орны бойынша құзыретіне сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органды хабардар етеді.

1.4. Қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберу рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік акпараттық жүйесін және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін пайдалану арқылы электрондық нысанда жүзеге асырылады.

1.5. Ұйымдық құқықтық түрі - жауапкершілігі шектеулі серіктестік

1.6. Серіктестіктің фирмалық атауы: мемлекеттік тілінде: «Қазына kz» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

қысқаша: «Қазына kz» бөбекжай-бақшасы» ЖШС

орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Ясли-сад «Қазына kz»

қысқаша: ТОО «Ясли-сад «Қазына kz»

1.7. Серіктестіктің тұрған орны: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылдық округі, Ақсу ауылы, Сұраншы батыр көшесі, ғимарат 40Б, пошта индексі 160800.

1.8. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмеген.

1.9. Серіктестік жарғысында белгіленген функциялардың орындалуын, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын, педагогикалық процесті ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың балалардың жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

1.1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Ясли-сад «Қазына kz» в дальнейшем (Товарищество, Дошкольная организация и/или Ясли-сад), является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан.

1.2. Товарищество осуществляет свою деятельность на основании Конституции, Гражданского Кодекса (общая часть), Предпринимательского кодекса Республики Казахстан Законами Республики Казахстан «О хозяйственных товариществах», «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», «Об образовании», настоящего Устава и других нормативно-правовых актов.

1.3. Ясли-сад уведомляет о начале деятельности и/или о прекращении деятельности уполномоченный орган в области образования в соответствии с компетенцией по месту нахождения.

1.4. Направление уведомлений о начале или прекращении деятельности осуществляется в электронной форме с использованием государственной информационной системы разрешений и уведомлений и государственного электронного реестра разрешений и уведомлений.

1.5. Организационно-правовая форма - товарищество с ограниченной ответственностью.

1.6. Фирменное наименование Товарищества: на государственном языке: «Қазына kz» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

сокращенно: «Қазына kz» бөбекжай-бақшасы» ЖШС

на русском языке: Товарищество с ограниченной ответственностью «Ясли-сад «Қазына kz»

сокращенно: ТОО «Ясли-сад «Қазына kz»

1.7. Место нахождения Товарищества: Республика Казахстан, Туркестанская область, Сайрамский район, Аксукеңтский сельский округ, село Ақсу, улица Сұраншы батыр, здание 40Б, почтовый индекс 160800.

1.8. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

1.9. Товарищество обеспечивает выполнение функций, определенных его уставом, охрану жизни и здоровья детей, реализацию в полном объеме типовых учебных программ дошкольного воспитания и обучения, соответствие применяемых форм, методов и средств организации педагогического процесса возрастным, психофизиологическим особенностям, способностям, интересам и потребностям детей.

2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫ / ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ТОВАРИЩЕСТВА

2.1. Серіктестік коммерциялық ұйым болып табылады, азаматтық құқықтары бар және оның қызметіне байланысты, Қазақстан Республикасының заңдары тыйым салмаған кез келген қызмет түрлерін атқаруға қажетті міндеттемелері бойынша жауап береді.

2.2. Серіктестік шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

2.3. Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі мүлдікті, экономикалық және қаржылық дербестік негізінде атқарылады.

2.4. Серіктестіктің дербес балансы, банкіде есеп айырысу және басқада есеп-шоттары, орыс және казак тілдерінде өзінің аты жазылған бұрыштама мөрлері, бланкілері, логотипі және басқа да атрибуттары бар.

2.5. Серіктестік құзырлы мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркеуге алынып ол туралы Қазақстан Республикасының Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне тиісті жазу енгізілген сәттен заңды тұлғаның құқықтарына иеленеді.

2.6. Серіктестіктің меншіктік құқығында оқшауланған мүлдігі бар, тек қана Қазақстан Республикасының заңына сәйкес айып салынатын өзіне тиісті мүлдік шектерінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді. Серіктестік заңда көрсетілген жағдайлардан өзге кездерде өзінің Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.7. Серіктестік қолданыстағы заңдар белгілеген шектерінде өзіне тиісті мүлдікті иеленеді, пайдаланады және қажетке жаратады.

2.8. Серіктестіктің Қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап береді және Жарғылық капиталға өзі қосқан салымының шеңберінде Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындарға тәуекелділік етеді.

2.9. Серіктестік өз атынан мәмілелерге отыра алады, мүлдікті және жеке мүлдікті емес құқықтарға иелене алады және міндетті бола алады, сот және басқа да органдарында талапкер мен жауапкер бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді атқара алады.

2.10. Серіктестік Қазақстан Республикасында және шет елдерде филиалдар мен өкілдіктерді аша алады, оларға өз мүлдігі есебінен негізгі және айналмалы қаражаттар бөліп бере алады және олардың қызмет тәртібін белгілей алады.

2.11. Сонымен қатар Серіктестік Қазақстан Республикасының заңдары тыйым салмаған және осы жарғы қарастырған басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

2.1. Товарищество является коммерческой организацией, имеет гражданские права и несет связанные с его деятельностью обязанности, необходимые для осуществления любых видов деятельности, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

2.2. Товарищество является субъектом малого предпринимательства.

2.3. Финансово-хозяйственная деятельность Товарищества осуществляется на основе имущественной, экономической и финансовой самостоятельности.

2.4. Товарищество имеет самостоятельный баланс, расчетный и другие счета в банке, имеет печать, штампы, бланки, логотип и другие атрибуты с указанием своего наименования на казахском, русском или английском языках.

2.5. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации в уполномоченных государственных органах и внесения записи об этом в Национальный реестр Бизнес идентификационных номеров Республики Казахстан.

2.6. Товарищество имеет на праве собственности обособленное имущество, несет ответственность по своим обязательствам в пределах принадлежащего ему имущества, на которое может быть обращено взыскание только в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Товарищество не отвечает по обязательствам своего Участника, за исключением случаев, предусмотренных законодательством.

2.7. Товарищество осуществляет владение, пользование, распоряжение своим имуществом в пределах, установленных действующим законодательством.

2.8. Участник Товарищества отвечает по его обязательствам и несет риск убытков, связанных с деятельностью Товарищества, в пределах стоимости внесенного им вклада в Уставный капитал.

2.9. Товарищество может от своего имени заключать сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права и нести обязанности, выступать истцом и ответчиком в судебных и иных органах, а также осуществлять другие действия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2.10. Товарищество может открывать филиалы и представительства в Республике Казахстан и за рубежом, наделять их основными и оборотными средствами за счет собственного имущества и определять порядок их деятельности.

2.11. Товарищество может приобретать и осуществлять также и другие права, предусмотренные настоящим Уставом и не запрещенные законодательством Республики Казахстан.

3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАТЫСУШЫ. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ УЧАСТНИК ТОВАРИЩЕСТВА. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ УЧАСТНИКА ТОВАРИЩЕСТВА.

3.1. Серіктестіктің қатысушысы болып, Серіктестік құрылғаннан кейін оның мүлкінің үлесіне құқық алған тұлға болып табылады.

3.2. Серіктестіктің қатысушысы ретінде Қазақстан Республикасы мен шет елдердің заңды және жеке тұлғалары бола алады.

3.3. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы болып табылады:

3.1. Участником Товарищества является лицо, получившее права на долю в имуществе Товарищества после его создания.

3.2. Участником Товарищества может быть юридическое и физическое лицо Республики Казахстан и других государств.

3.3. Единственным участником Товарищества является:

ЖСН 730610302669, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Герцен көшесі, 3 үй мекен-жайы бойынша тұратын Қазақстан Республикасының азаматы **Бегалиев Кадырбек Салыбекович**.

3.4. Қатысушының құқылары:

- 1) заң және осы Жарғы қарастырған тәртіп бойынша Серіктестіктің басқару істеріне қатысу;
- 2) Жарғы қарастырған тәртіп бойынша Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және басқа да құжаттамаларымен танысуға;
- 3) қолданыстағы заңдарға, осы Жарғыға сәйкес Серіктестік қызметінен түскен пайданы алуға;
- 4) Серіктестік таратылған жағдайда, несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлік бөлігінің құнын алу, немесе Серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша сол мүліктің бір бөлігін заттай алу.
- 5) Серіктестіктегі өз қатысуын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес және осы жарғысында, үлесін шеттету арқылы тоқтату;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес және осы жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

3.5. Қатысушының міндеттері:

- 1) Осы Жарғының талаптарын қадағалау;
- 2) Серіктестік Жарғылық капиталына Құрылтай келісімі қарастырған тәртіп бойынша, мерзімдерде және мөлшерлерде салымдар қосу;
- 3) Серіктестік құпия деп есептеген ақпаратты жарияламау;
- 4) 3.3. баптың осы жарғысында мәлімдеулерінің өзгертуі туралы атқару органға хабарлауға міндетті.

Қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, басқа да міндеттерді көтеріп, басқа да құқықтарға иелене алады.

3.6. Серіктестікке қатысушысы өз қалауы бойынша серіктестіктің мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін үшінші тұлғаларға сатуға немесе басқа жолмен беруге құқылы. Сол сияқты серіктестікке қатысушы үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесін (оның бір бөлігін) кепілге беруге құқылы. Серіктестік мүлкіндегі үлес кепілдігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

3.7. Қолданылатын заңдарының және осы жарғының талаптарын сақтай отырып, серіктестікке жаңа қатысушыны қабылдауы серіктестікке қатысушы мен жаңадан кірген қатысушымен құрылтай шарт жасалуымен ресімделеді.

3.8. Қайтыс болған қатысушының мұрагерлеріне үлестің ауысуы және олардың арасында бөлінуі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің белгілеген тәртібінде жүргізіледі.

3.9. Серіктестіктің Жарғылық капиталының құру мерзімі қатысушының шешімімен анықталады, бірақ бір жылдан аспауы керек.

3.10. Шығып кеткен қатысушының (оның бір бөлігін) сатып алу нәтижесінде немесе ауысуының өзге негіздері бойынша серіктестікке қатысушы болған адам үлеске деген құқық езіне ауысқан кезеңінен бастап серіктестіктің жарғысына сай ие болады.

Гражданин Республики Казахстан **Бегалиев Кадырбек Салыбекович**, ИИН 730610302669, проживающий по адресу: Республика Казахстан, город Шымкент, улица Герцена, дом 3.

3.4. Участник имеет право:

- 1) Участвовать в управлении делами Товарищества в порядке, предусмотренном действующим законодательством и настоящим Уставом;
- 2) Получать информацию о деятельности Товарищества и знакомиться с его бухгалтерской и иной документацией в порядке, предусмотренном Уставом;
- 3) Получать доход от деятельности Товарищества в соответствии с действующим законодательством, настоящим Уставом;
- 4) Получить в случае ликвидации Товарищества стоимость части имущества, оставшегося после расчетов с кредиторами или по соглашению между участниками, часть этого имущества в натуре;
- 5) Прекратить участие в Товариществе путем отчуждения своей доли в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.
- 6) оспаривать в судебном порядке решения органов товарищества, нарушающие их права предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

3.5. Участник обязан:

- 1) Соблюдать требования Устава Товарищества;
- 2) Вносить вклады в Уставный капитал Товарищества в порядке, размерах и в сроки, предусмотренные учредительными документами;
- 3) Не разглашать сведения, которые Товариществом объявлены коммерческой тайной.
- 4) письменно извещать исполнительный орган об изменении сведений пункта 3.3. настоящего устава.

Участник может нести и другие обязанности и иметь другие права, не противоречащие действующему законодательству Республики Казахстан.

3.6. Участник товарищества вправе по своему усмотрению продать или иным образом уступить свою долю в имуществе Товарищества или ее часть любым третьим лицам. Равным образом участник вправе заложить свою долю (ее часть) в обеспечение своего обязательства перед третьим лицом. Регистрация залога доли в имуществе Товарищества осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3.7. Прием в Товарищество нового участника, произведенный с соблюдением требований действующего законодательства и настоящего Устава, осуществляется путем заключения Учредительного договора между участником Товарищества и вступившим участником.

3.8. Переход доли к наследникам умершего участника и ее раздел между ними производится в порядке, установленном Гражданским кодексом Республики Казахстан.

3.9. Сроки формирования Уставного капитала товарищества определяются решением участника, но не должны превышать одного года.

3.10. Лицо, ставшее участником Товарищества вследствие покупки доли (ее части) выбывшего участника или по иным основаниям перехода доли, считается присоединившимся к Уставу Товарищества с момента перехода права на долю.

4. СЕРІКТЕСТІК МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ / ЗАДАЧИ И ФУНКЦИИ ТОВАРИЩЕСТВА.

4.1. Серіктестіктің негізгі мақсаты бір жастан бірінші сыныпқа қабылданғанша дейінгі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын, педагогикалық процесті ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың балалардың жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады.

4.2. Серіктестіктің басымды міндеттері мыналар:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
 - тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
 - сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
 - тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;
 - ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;
 - баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру.
- Сонымен қатар, Серіктестіктің міндеттері болып табылады:
- мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу;
 - мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту;
 - мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білімқұмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;
 - балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау.

4.1. Главной задачей Товарищества является охрана жизни и здоровья детей, реализация в полном объеме типовых учебных программ дошкольного воспитания и обучения, соответствия применяемых форм, методов и средств организации педагогического процесса возрастным, психофизиологическим особенностям, способностям, интересам и потребностям детей в возрасте от одного года до приема в первый класс.

4.2. Приоритетными задачами Товарищества являются:

- охрана жизни и здоровья воспитанников дошкольного возраста;
- создание оптимальных условий, обеспечивающих физическое, интеллектуальное и личностное развитие воспитанников, в том числе для воспитанников с особыми образовательными потребностями и индивидуальными возможностями;
- обеспечение качественной предшкольной подготовки;
- тесное сотрудничество с семьей для обеспечения полноценного развития воспитанника;
- оказание консультативной и методической помощи родителям по вопросам воспитания, обучения, развития воспитанников и охраны здоровья;
- создание инклюзивной развивающей среды, трансформируемые игровые и тематические зоны, ориентированные на поддержку индивидуальности и субъектности ребенка.

Также, задачами Товарищества являются:

- охрана и укрепление физического и психического здоровья детей дошкольного возраста, приобщение их к ценностям здорового образа жизни;
- обеспечение интеллектуального и личностного развития детей дошкольного возраста, удовлетворение их интересов, развитие способностей на основе приобщения к общечеловеческим и национальным ценностям;
- развитие инициативности, любознательности, произвольности и способности к творческому самовыражению детей дошкольного возраста;
- создание условий для освоения детьми образовательных программ дошкольного воспитания и обучения.

5. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҚСАТЫ. ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БЕРУ. ЦЕЛИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА. ПЕРЕЧЕНЬ РЕАЛИЗУЕМЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ

5.1. Серіктестіктің негізгі құрылымдық бірлігі мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілер тобы болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасакталады.

5.2. Топтардың толымдылығы Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

5.3. Серіктестік бір жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру үшін орындауды қамтамасыз

5.1. Основной структурной единицей Товарищества является группа воспитанников дошкольного возраста. Группы комплектуются по разновозрастному или разновозрастному принципу.

5.2. Наполняемость групп осуществляется в соответствии с нормативными правовыми актами в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения Республики Казахстан.

5.3. Товарищество обеспечивает выполнение государственного образовательного заказа, финансируемого государством объема услуг по воспитанию, обучению, коррекции нарушения развития и социальной адаптации, развитию и медицинскому наблюдению, а также присмотру, уходу и оздоровлению воспитанников, в том числе для реализации инклюзивного образования для детей в возрасте от одного года до достижения школьного возраста.

етеді.

5.4. Серіктестік тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

5.5. Серіктестік өз қызметін мынадай кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;
- 2) мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйек пен келесі жылғы 31 мамыр аралығында жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді;
- 3) 1 қыркүйекте 6 (7) жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;
- 4) балаларды бір жас тобынан баскасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.
- 5) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы ("Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген.

5.6. Серіктестіктің білім беру процесінің мақсаты болып табылатындар:

- білім беру қызметі;
- бөбекжай-бақша мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру орталығын ұйымдастыру;
- бөбекжай-бақша мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жұмысын бір жастан бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін жасөспірімдер арасында іске асырады және олардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ете отырып жеке ерекшеліктерін дамытады;
- бес жастағы балалардың мектеп алды дайындығын жалпы білім беру бағдарламасына сай жүргізіледі;
- мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру бөбекжай бақшасы өз қызметін бескүндік жұмыс тәртібімен, тәрбиеленушілердің бөбекжай-бақшада 8:00-18:30 дейін болуы арқылы іске асырады;
- мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру бөбекжай бақшасы өз қызметін ата-аналардың өтініші негізінде атқару органның рұқсаты бойынша, ата-аналардың қосымша ақы төлеуі арқылы алты күндік жұмыс тәртібімен, тәрбиеленушілердің бөбекжай-бақшада 8:00-18:30 дейін болуы арқылы іске асырылуы мүмкін;
- балалардың бөбекжай-бақшада болу уақыты ата-аналардың өтініші негізінде атқару органның рұқсаты бойынша, ата-аналардың қосымша ақы төлеуі арқылы ұзартылады;
- бөбекжай-бақша балаларды тенгерімді тамақтандыруды қамтамасыз етеді;
- бөбекжай-бақша балалардың бақшада болған кезінде оларға үш мезгіл тамақ беруді, егер бөбекжай-бақшада болу уақыты ұзартылған жағдайда төрт мезгіл тамақ беруді ұйымдастырады, тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс режимін ескере отырып жүргізіледі, оның жиілігі Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-

5.4. Товарищество в воспитательно-образовательном процессе, согласно распорядку дня дошкольной организации, который включает мероприятия (прием детей, утренняя гимнастика, прием пищи, прогулка, дневной сон, закалывающие процедуры, уход детей домой), предусматриваются виды детской деятельности (организованная, игровая, познавательная, коммуникативная, творческая, экспериментальная, трудовая, предметная, двигательная, изобразительная).

5.5. Дошкольная организация организует свою деятельность по следующим периодам:

- 1) с 1 июня по 31 августа – летний оздоровительный период;
- 2) в классах предшкольной подготовки учебный процесс осуществляется с 1 сентября текущего года по 31 мая следующего года. В течение учебного года устанавливаются каникулы;
- 3) дети, которым на 1 сентября исполнится 6 (7) лет, выпускаются из дошкольной организации до 1 августа ежегодно;
- 4) перевод детей из одной возрастной группы в другую осуществляется с 1 по 31 августа текущего года.
- 5) с 1 сентября по 31 мая – учебный год (период освоения содержания программы, утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 августа 2016 года № 499 "Об утверждении Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения".

5.6. Целью образовательного процесса Товарищества является:

- образовательная деятельность.
- организация ясли-сада для дошкольного воспитания и обучения;
- ясли-сад осуществляет воспитание и обучение детей дошкольного возраста с одного года до приема в первый класс обеспечивает охрану и укрепление их физического и психического здоровья, развитие индивидуальных способностей;
- осуществляет предшкольную подготовку пяти летних детей в рамках общеобразовательной программы;
- ясли-сад осуществляет свою деятельность путем организации пятидневного рабочего режима с пребыванием воспитуемых в ясли-саду с 8:00 до 18:30 часов;
- ясли-сад может осуществлять свою деятельность путем организации шестидневного рабочего режима с пребыванием воспитуемых в ясли-саду с 8:00 до 18:30 часов, на основании заявления родителей воспитуемых по разрешению исполнительного органа за счет дополнительной оплаты родителями;
- время пребывания детей в ясли-саду может быть продлено на основании заявления родителей воспитуемых по разрешению исполнительного органа, за счет дополнительной оплаты;
- ясли-сад обеспечивает сбалансированное питание детей;
- ясли-сад в период пребывания детей организует трехразовое питание согласно распорядку дня, в случае продления времени пребывания в ясли-саду организует четырехразовое питание, питание проводится с учетом возрастных особенностей, режима работы, кратность его определяется в соответствии с нормативными правовыми актами в

эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалады;

- бөбекжай-бақша тәрбиеленушілерінің тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, оның ішінде пайдалы теңгерімді тамақтануды әрі табиғи және жана піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді;

- жалпыға бірдей білім беру бағдарламасы негізінде баланың жан-жақты қалыптасуына бағытталған, олардың білімге құштарлығын, ынтасын, шығармашылық қабілетін дамытады;

- мектеп жасына дейінгі балаларда, жалпы ұлттық, халықтық құндылықтар негізінде Отанға деген сүйіспеншілікті, ҚР мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді, өзін құрметтеуге деген жағымды көзқарасты қалыптастырады;

- бөбекжай-бақшаға келетін төменгі топтағы балалардың дүниетанымдық белсенділігін арттырылуын және дамытуын ұйымдастырады;

- тәрбиеленушілердің қимыл-белсенділігіне деген ынтасын арттыра отырып, олардың денсаулығын қалыптастыру, дамытуды іске асырады;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен тығыз байланыста бола отырып, оларға балаларды тәрбиелеудің, оқытудың және қарым-қатынас орнатудың педагогикалық технологиясын меңгеруіне жәрдемдеседі;

5.6.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы білім беру саласындағы:

- "Денсаулық" білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады;

- "Қатынас" білім беру саласының базалық мазмұны – сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады;

- "Таным" білім беру саласының базалық мазмұны сенсорика, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады;

- "Шығармашылық" білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады

- "Әлеумет", ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасының дәстүрлеріне баулу, олардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту.

5.7. Серіктестіктің лицензияланатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеті тиісті лицензия алған сәттен бастап пайда болады және заң актілерімен белгіленген тәртіпте оның алып қойылған, қолданылу мерзімі біткен немесе жарамсыз деп танылған кезінен бастап тоқтатылады.

6. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ МЕН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ/ ПОРЯДОК ПРИЕМА И ИСКЛЮЧЕНИЯ ВОСПИТУЕМЫХ.

6.1. Балаларды бөбекжай бақшаға қабылдау Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті органы бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Балаларды қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

6.3. Қаланың ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым

сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения Республики Казахстан;

- ясли-сад обеспечивает формирование у воспитанников культуры питания, в том числе посредством пропаганды сбалансированного здорового питания и потребления натуральных и свежих продуктов;

- обеспечивает на основе общеобразовательных программ всестороннее развитие способностей ребенка, направленное на формирование творческого мышления, инициативу, стремление и получение образования;

- обеспечивает формирование у дошкольников нравственных начал на основе национальных и общечеловеческих ценностей, любви к родине, патриотизма уважение к государственным символам РК самого себя и окружающих;

- совершенствование и развитие познавательной активности у детей младшего возраста, посещающих ясли-сад;

- формирование у воспитуемых активной двигательной-игровой инициативы, путем развития у них физического здоровья;

- обеспечить взаимодействие с родителями воспитуемых и оказание им помощи в освоении педагогической технологии общения, воспитания и обучения ребенка;

5.6.1. Типовые учебные программы дошкольного воспитания и обучения воспитанников в образовательной области:

- "Здоровье" базовое содержание которой реализуется в организованной учебной деятельности - физическая культура;

- "Коммуникация", реализуется в организованной учебной деятельности - развитие речи, художественная литература;

- "Познание" реализуется в организованной учебной деятельности – сенсорика, естествознание;

- Творчество" реализуется в организованной учебной деятельности – рисование, лепка, музыка;

- "Социум", социализация детей раннего возраста, приобщение их к социокультурным нормам, традициям семьи, развитие у них социальных навыков и навыков самообслуживания.

5.7. Правоспособность Товарищества в сфере лицензируемой деятельности возникает с момента получения соответствующей лицензии и прекращается с момента ее изъятия, истечения срока действия или признания недействительной в установленном законодательными актами порядке.

6.1. Прием детей в ясли-сад осуществляется в соответствии со стандартами государственных услуг в сфере дошкольного воспитания и обучения, утвержденными уполномоченным органом в области образования Республики Казахстан.

6.2. Прием детей ведется в течение года при наличии в них свободных мест.

6.3. Обмен местами из одной дошкольной организации в другую внутри города осуществляется при согласовании родителей и руководителя дошкольной организации при

басшысының келісімімен жүзеге асырылады.

6.4. Тәрбиеленушілерді қабылдау кезінде бөбекжай-бақша оның ата-атасын немесе басқа заңды өкілдерді жарғысымен және оқу-тәртіптік процесті ұйымдастырумен қабылдау тәртібін регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

6.5. Қатысушы бөбекжай-бақшаға білім алу құқығына ие және берілген территорияда өмір сүріп жатқан азаматтардың барлығын қабылдауды қамтамасыз ететін қабылдау тәртібін белгілейді.

6.6. Тәрбиеленушілерді бөбекжай-бақшаға қабылдау, олардың ата-аналарының Басшының атына жазылған жеке арызы негізінде жүргізіледі және арызға баланың бөбекжай-бақшаға келуіне қажетті құжаттар қоса ұсынылуы керек.

6.7. Бөбекжай-бақшаға баланы қабылдау үшін ата-ана мына құжаттарды ұсыну қажет: туу туралы куәліктің көшірмесін, денсаулығы туралы анықтама, баланың даму тарихынан үзінді, 3х4 екі сурет, жазба үшін қалың дәптер және іс папкасы.

6.8. Баланың орны бөбекжай-бақшада мынадай жағдайларда сақталады:

- 1) баланың ауырып, медициналық, санаторийлік-курорттық және өзге де ұйымдарда емделген, сауықтырылған (көрсетілімі бойынша анықтама ұсынған жағдайда);
- 2) ата-анасының біреуіне немесе баланың өзге де заңды өкіліне еңбек демалысы берілген және бала жаз маусымында екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылған (жазбаша өтінішті ұсынған жағдайда) жағдайларда.
- 3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар) енгізілген кезеңде.

6.9. Басшы баланы бөбекжай-бақшадан мынадай жағдайларда шығарады:

- 1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;
- 2) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген;
- 3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

6.10. Мектепке дейінгі мекемелер үшін Мемстандартпен көзделген оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларын мектепке дейінгі мекемелерде қысқартуға тиым салынады.

соответствии возрастной группе.

6.4. При приеме воспитуемого, ясли-сад обязан ознакомить его родителей или иных законных представителей с Уставом и другими документами, регламентирующими порядок приема и организацию учебно-воспитательного процесса.

6.5. Участник устанавливает порядок приема в ясли-сад, обеспечивающий прием всех граждан, которые проживают на данной территории и имеют право на получение образования и воспитания.

6.6. Прием воспитуемых в ясли-сад осуществляется на основе личного заявления родителей на имя Руководителя, с приложением необходимых документов ребенка, позволяющих посещать ясли-сад.

6.7. При приеме ребенка в ясли-сад родители должны предоставить следующие документы: копию свидетельства о рождении, справку о состоянии здоровья, выписку из истории развития ребенка, две фотографии 3х4, скоросшиватель и общую тетрадь для записи.

6.8. В ясли-саду место за ребенком сохраняется в следующих случаях:

- 1) болезни, лечения, оздоровления, коррекции и реабилитации воспитанника в организациях здравоохранения и иных организациях (при предоставлении справки по показанию, заключения);
- 2) при предоставлении письменного заявления одного из родителей или законного представителя воспитанника на отпуск или оздоровление воспитанника сроком до двух месяцев в год;
- 3) на период введенного чрезвычайного положения (чрезвычайных ситуаций социального, природного, техногенного характера), карантина в населенном пункте.

6.9. Отчисление детей из ясли-сада производится руководителем в случаях:

- 1) нарушения требований договора между дошкольной организацией и родителем или иным законным представителем воспитанника;
- 2) пропуска воспитанником более одного месяца без уважительных причин и предупреждения администрации;
- 3) наличия медицинских противопоказаний, препятствующих его пребыванию на основании справки врачебной консультационной комиссии.

6.10. Запрещается дошкольным организациям сокращение программ обучения и воспитания, предусмотренных в Госстандарте дошкольных учреждений.

7. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ (ОҚЫТУ ТІЛІ (ТІЛДЕРІ) МЕН ТӘРБИЕ. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОҚУ САҒАТЫНЫҢ ТӘРТІБІ).

ОРГАНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА (В Т.Ч. ЯЗЫК (ЯЗЫКИ) ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ, РЕЖИМ ЗАНЯТИЙ ВОСПИТАННИКОВ)

7.1. Серіктестіктің оқу-әдістемелік қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелеріне сәйкес іске асырылады.

7.2. Серіктестіктің оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес іске асырылады.

7.3. Білім беру процесінде:

- әр баланың мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпыадамзаттық және

7.1. Учебно-методическая деятельность Товарищества осуществляется в соответствии с типовыми правилами деятельности организации образования соответствующих типов, утвержденного Правительством Республики Казахстан.

7.2. Учебно-воспитательная деятельность Товарищества осуществляется в соответствии с учебными планами и программами, разработанными на основе государственных общеобязательных стандартов образования.

7.3. В воспитательно-образовательном процессе:

- осуществляется целостное развитие и раскрытие потенциала каждого ребенка на основе

ұлттық құндылықтар негізінде оның әлеуетін жан-жақты дамыту және ашу жүзеге асырылады;

- тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғау, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;
- салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған әлемге ізгілікпен қарау, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік, азаматтылық, патриотизм негіздері қалыптасады;

- тәрбиеленушілердің физикалық, интеллектуалдық, танымдық-сөйлеу, көркемдік-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Отанға, ана тіліне деген сүйіспеншілік тәрбиеленеді;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасалады.

7.3.1. Тәрбиеленушілердің құзыреттілігін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту жас ерекшеліктеріне сәйкес дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

- Физикалық даму.
- Коммуникативтік дағдыларды дамыту.
- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.
- Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту.
- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

7.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ мемлекеттік стандарттарға сәйкес орыс тілін және бір шетел тілін үйренуді қамтамасыз етеді.

7.5. Серіктестікке тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың елжандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыласы мен қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.

7.6. Серіктестікке нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен ерекшелікті насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған принциптеріне қайшы келетін өзге идеяларды таратуға тыйым салынады.

7.6. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны:

- 1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған максаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;
- 2) қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;
- 3) тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға;
- 4) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құруға;
- 5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- 6) тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін

общечеловеческих и национальных ценностей с учетом его интересов, особенностей и потребностей;

- обеспечивается защита прав, охрана жизни, укрепление здоровья воспитанников;
- формируются основы здорового образа жизни, навыки безопасной жизнедеятельности, двигательные, адаптивные, коммуникативные, социально-эмоциональные, когнитивные навыки, гуманное отношение к себе, семье, сверстникам, окружающему миру, культура общения воспитанников, основы национальной самоидентичности, гражданской ответственности, патриотизма;

- развиваются физические, интеллектуальные, познавательно-речевые, художественно-эстетические, творческие способности воспитанников;

- воспитывается любовь к Родине, родному языку;
- создаются равные стартовые возможности для физической, психологической, эмоциональной, социальной готовности ребенка к обучению в школе.

7.3.1. Развитие компетенций, физических и личностных качеств воспитанников осуществляется через формирование умений и навыков согласно возрастным особенностям.

- Физическое развитие.
- Развитие коммуникативных навыков.
- Развитие познавательных и интеллектуальных навыков.
- Развитие творческих навыков, исследовательской деятельности детей.
- Формирование социально-эмоциональных навыков.

7.4. Товарищество обеспечивает в соответствии с Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан знание и развитие казахского языка как государственного, а также изучение русского и одного из иностранных языков в соответствии с государственными стандартами.

7.5. Воспитательные программы в Товариществе являются составляющими образовательными программами и должны быть направлены на формирование патриотизма, гражданской ответственности, интернационализма, высокой морали и нравственности, а также на развитие разносторонних интересов и способностей воспитанников.

7.6. Пропаганда расовой, национальной, религиозной, социальной непримиримости и исключительности, распространение милитаристских и иных идей, противоречащих общепризнанным принципам международного права и гуманизма, в Товариществе запрещается.

7.7. Содержание типовой учебной программы направлено на:

- 1) достижение цели и задач, представленных в виде ожидаемых результатов обучения;
- 2) формирование двигательных, коммуникативных, познавательных, творческих, социальных знаний, умений и навыков, навыков самообучения, в том числе у детей раннего возраста;
- 3) создание психолого-педагогических условий воспитания и обучения;
- 4) создание равных стартовых возможностей для обучения воспитанников дошкольного возраста в организациях начального образования;
- 5) обеспечение принципов преемственности и непрерывности с учетом обучающих, развивающих и воспитательных задач между дошкольным воспитанием и обучением и начальным образованием;
- 6) подготовку к учебной деятельности с учетом индивидуальных и возрастных особенностей

ескеріп, оқу қызметіне дайындыққа;

7) креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға;

8) "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

воспитанников;

7) формирование социально-личностных качеств, направленных на развитие креативности, коммуникабельности, критического мышления и умений взаимодействовать в команде."

8) формирование духовно-нравственных навыков, основанных на национальных традициях и общечеловеческих ценностях, в рамках реализации программы "Рухани жаңғыру".

8. БІЛІМДЕРДІ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІН, ОЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ СИСТЕМА ТЕКУЩЕГО КОНТРОЛЯ ЗНАНИЙ, ПРОМЕЖУТОЧНОЙ И ИТОВОЙ АТТЕСТАЦИИ, ФОРМЫ И ИХ ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ

8.1. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдары, оның ішінде жаңадан құрылғандары, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары және педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

8.2. Әр жастағы балалардың бағдарлама мазмұнының, дағдылары мен дағдыларының дамуын бақылау, бақылау және қадағалау жылына үш рет (бастапқы, аралық және қорытынды) жүзеге асырылады.

8.3. Топтағы тәрбиеленушілердің бастапқы, аралық және қорытынды диагностикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының нормативтік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.1. Дошкольные организации независимо от ведомственной подчиненности, в том числе вновь созданные, а также руководители государственной дошкольной организации и педагогические работники проходят аттестацию в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

8.2. Мониторинг контроля и отслеживания освоения программного содержания, умения и навыков детей каждого возраста проводится три раза в год (стартовый промежуточный и итоговый).

8.3. Стартовая, промежуточная и итоговая диагностика воспитанников по группам проводится в соответствии с нормативными требованиями государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и образования.

9. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ МЕН ТІЗБЕСІ / ПЕРЕЧЕНЬ И ПОРЯДОК ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ПЛАТНЫХ УСЛУГ.

9.1. Ақылы қызметті ұсыну тәртібі мен тізбесі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес (қатан түрде) жүзеге асырылады.

9.2. Ақылы негізде білім беру қызметтері мемлекеттік жалпы білім беретін білім беру стандарттарының талаптарынан тыс көрсетіледі:

- оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабақтар және сабақтардың циклері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;
- қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кенестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу.

9.3. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын Шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану саны, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

9.4. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылғандарды қоспағанда,

9.1. Перечень и порядок предоставления платных услуг будет осуществляться в строгом соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

9.2. На платной основе осуществляются образовательные услуги сверх требований государственных общеобразовательных стандартов образования по:

- организации дополнительных занятий с отдельными воспитанниками по образовательным областям сверх учебного времени, выделенного по учебному плану и программам;
- реализация дополнительных образовательных программ;
- организации и проведению различных мероприятий: спортивных соревнований, семинаров, совещаний, конференций среди обучающихся и воспитанников, педагогов и взрослого населения, а также по разработке и реализации учебно-методической литературы.

9.3. Взаимоотношения между дошкольной организацией и родителями, или лицами их заменяющими, регулируется Договором, который заключается при зачислении ребенка в дошкольную организацию. В Договоре определяются режим посещения ребенком дошкольной организации, кратность питания, уровень и сроки предоставления дополнительных образовательных, оздоровительных услуг, размер оплаты за содержание ребенка в дошкольной организации, дополнительные платные услуги и иные условия.

9.4. Размер ежемесячной оплаты, взимаемой с родителей или законных представителей в дошкольных организациях с размещенным государственным образовательным заказом составляет 100 процентов затрат на питание независимо от возраста воспитанника. Размер ежемесячной оплаты, взимаемой с родителей или законных представителей в частных дошкольных организациях устанавливается учредителем дошкольной

жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшысы белгілейді.

организации, за исключением тех, в которых размещен государственный образовательный заказ.

10. СЕРІКТЕСТІК МЕН ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР, ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРДІҢ ҚАРЫМҚАТЫНАСЫН РЕСІМДЕУ ЖӘНЕ УАҚЫТ ТӘРТІБІН БЕЛГІЛЕУ РЕГЛАМЕНТАЦИЯ И ОФОРМЛЕНИЕ ОТНОШЕНИЙ ТОВАРИЩЕСТВА И ВОСПИТАННИКОВ И (ИЛИ) ИХ РОДИТЕЛЕЙ И ИНЫХ ЗАКОННЫХ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ

10.1. Оқыту-тәрбиелеу процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагог қызметкерлер болып табылады.

10.2. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы оқыту-тәрбиелеу процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.

10.3. Тәрбиелеу-білім беру процесін камтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйымдағы әр балаға мыналарға кепілдік беріледі:

- оның өмірі мен денсаулығын сақтау;
- оның қадір-қасиетін қорғау;
- дене, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық нысандарынан қорғау;
- оның шығармашылық қабілеттері мен ынтымақтасын дамыту;
- сапалы мектепалды даярлау;
- бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауына және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алу.

10.4. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

10.5. Мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту-тәрбиелеу процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен айқындалады. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері тиімді оқыту-тәрбиелеу процесін камтамасыз ету мақсатында баламалы авторлық бағдарламаларды дербес таңдайды және қолданады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізеді.

